

**ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ**

Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімі  
«Бименде Амалбеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ

## Мазмұны

1	Кіріспе-----	3
2	1-бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы -----	4
3	2-бөлім. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымын бағалау-----	5
4	3-бөлім. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар---	166
5	Қорытынды-----	175

## Кіріспе

Б.Амалбеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ-нің өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 59-бабының негізінде, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес жасалды. Өзін-өзі бағалау жалпы білім беретін мектептің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының қызметін талдауды қамтыды.

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкестігі ұсынылған білім беру қызметтерін талдаудан тұрады, олар:

- 1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) білім алушылардың және тәрбиленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
- 3) білім алушылардың дайындық деңгейі;
- 4) оқу мерзімі.

Өзін-өзі бағалау материалдарын 29.08.2024 жылғы № 1 педагогикалық кеңесі отырысында және мектеп директорының бұйрығымен бекітілген комиссия дайындады.

Бұйрық, педагогикалық кеңес хаттамасынан үзінді, өзін-өзі бағалауды жүргізу бойынша іс-шаралар жоспары, қамқоршылық кеңестің хаттамас

[https://drive.google.com/file/d/1w4HNh8QTuGKL5iPRroZ4zfZoSPqFDT1y/v  
iew?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/file/d/1w4HNh8QTuGKL5iPRroZ4zfZoSPqFDT1y/view?usp=drive_link)

## 1-бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

### Мекеменің толық атауы.

Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің «Бименде Амалбеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің «Бименде Амалбеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1964 жылы пайдалануға берілді.

**Занды мекен-жайы:** Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Өлкен Оспанова көшесі, ғимарат 43

**Телефон/телефакс:** 8(71030)28129

**Басшының тегі, аты, әкесінің аты:** Асамиданов Жаскайрат Мустафаевич (қосымша: тағайындау туралы бұйрық

[https://drive.google.com/file/d/1E-RviHAvUR7a1bu7cvUuRtsODk7-bimX/view?usp=drive link](https://drive.google.com/file/d/1E-RviHAvUR7a1bu7cvUuRtsODk7-bimX/view?usp=drive_link)

**Интернет желісіне қосылу туралы ақпарат:** оптивалакон 20 м/бит, Қазақтелеком 8м/бит

**Электронды мекен-жай:** [zhana\\_krupskaja@mail.ru](mailto:zhana_krupskaja@mail.ru)

**Web-сайт:** [Организации образования отдела образования Жанааркинского района - Бименде Амалбеков ат. ЖОББМ - Басты](#)

**Жобалық қуаты:** 850 білім алушыға арналған

**Жарғыны бекіту:** «Ұлытау облысының экономика басқармасы» ММ 10.02.2023 жылғы №11 бұйрығы

[https://drive.google.com/file/d/1A7RvoDA\\_Nr6cqwZLJEWazzUj3zwsPb31/view?usp=drive link](https://drive.google.com/file/d/1A7RvoDA_Nr6cqwZLJEWazzUj3zwsPb31/view?usp=drive_link)

БИН 970640003006 Жезқазған қаласының ауданаралық әділет басқармасы **Рұқсат беруші құжаттар** (білім беру қызметіне лицензия және оның қосымшасы) «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесімен 11.02.2021 жылы берілген Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің «Бименде Амалбеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі № KZ38LAA00033564 лицензиясы.

[https://drive.google.com/file/d/1waIRzoiRzl7fL-1Cf-N3ihGuhZNBh9Dn/view?usp=drive link](https://drive.google.com/file/d/1waIRzoiRzl7fL-1Cf-N3ihGuhZNBh9Dn/view?usp=drive_link)

**2-бөлім. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымын бағалау.**

**1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және оның жалпы орта білім берудің негізгі құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне, МЖМБС белгілі талаптарына сәйкестігі**

### **Оқу-тәрбие жоспарлары**

2022-2023 оқу жылы

[https://drive.google.com/file/d/1YcsnEqjuc\\_z22EUIWjobLp4eGGhep2ke/view?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/file/d/1YcsnEqjuc_z22EUIWjobLp4eGGhep2ke/view?usp=drive_link)

2023-2024 оқу жылы

[https://drive.google.com/file/d/1LewLBka8-rdhGKKsn9wcfSsp-NSiIbtw/view?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/file/d/1LewLBka8-rdhGKKsn9wcfSsp-NSiIbtw/view?usp=drive_link)

2024-2025 оқу жылы

[https://drive.google.com/file/d/1O7DQj\\_Mla2QcAPGGQ3HbolspXV8colpr/view?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/file/d/1O7DQj_Mla2QcAPGGQ3HbolspXV8colpr/view?usp=drive_link)

Мектебімізде жыл сайын оқу жылына арналған жалпы мектептік оқу-тәрбие жұмысының жоспары әзірленеді, онда педагогикалық ұжым қызметінің мақсаттары мен міндеттері көрсетіледі. Жалпы мектеп жоспарында білім алушыларға білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдарлары болуға арналған ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған мектептің педагогикалық ұжымының жұмысы көрсетілген. Жылдық жоспарда МЖМБС талаптарына сәйкес келетін бастауыш, орта және жалпы білім берудің базалық құндылықтары көрсетіледі.

2024-2025 оқу жылында білім беру үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде мектеп "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алды және осы үрдісті реттейтін нормативтік құжаттар негізінде оқыту үрдісі жүзеге асырылады. Мектептің жұмыс жоспары "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР ОАМ 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығымен өзгертілген) негізінде жасалды. Мектептің жылдық жұмыс жоспары жыл сайын тамыз айында өткізілетін педагогикалық кеңесте қаралады және оны оқу орнының директоры бекітеді. Мектеп жоспары 7 бөлімнен тұрады.

**2024/2025 оқу жылына арналған жұмыстың мақсаты:** Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің, тұлғаны тәрбиелеу мен оқытудың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау және қамтамасыз ету.

## **Мектеп жұмысының мақсатын іске асыру бойынша**

### **міндеттер:**

- Білім сапасын арттыру, функционалдық сауаттылықты, оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту.
- Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.
- Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру, педагогикалық шеберлігін жетілдіру.
- Қамқоршылық кеңестің, жоғары сынып оқушылары кеңесінің мектеп өміріне қатысу саласы мен нысандарын кеңейту.
- Ата-аналармен, колледждермен, жоғары оқу орындарымен, қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік ынтымақтастықты кеңейту.
- Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету, білім беру процесінің жағдайын жетілдіру.
- Білім беру ұйымын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдыктандыру.

Қосымша білім беру орталығы жағдайында оқушыларды ынталандыру, даярлау және кәсіптік бағдарлау үшін жағдай жасау.

9. Ы.Алтынсарин Ұлттық білім академиясы әзірлеген бағдарламаларды, функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша тапсырмаларды, сондай-ақ [Bilimland.kz](http://Bilimland.kz), [SMK.Edu.kz](http://SMK.Edu.kz), [СДОТ Билимал.кз](http://СДОТ Билимал.кз) интернет ресурстарын белсенді пайдалану.

10. "Сабақты зерттеу" тәсілін енгізу арқылы ауданның желілік қоғамдастығы шеңберінде педагогтердің жұмысын жүйелеу.

11. Материалдық-техникалық базаны дамытуға және нығайтуға, білім беру мекемесін қазіргі заманғы талаптарға сәйкес оқыту құралдарымен және оқу жабдық қорын сақтау.

12. Патриоттық бағытты күшейту тұрғысынан мектептің тәрбие жүйесін жандандыру.

13. Қамқоршылық Кеңестің жалпы білім беру үрдісіне белсенді қатысуына ықпал ету.

14. Мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын ата-аналар санын көбейту.

16. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жүйелеу.

17. Жеке дамуы мен оқытуда мәселелері бар балаларға көмек көрсету үшін арнайы әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау.

**2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестесінің болуы және оның «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына және**

## **МЖМБС белгілі талаптарына сәйкестігі**

Мектебімізде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына сәйкес орындалады. Білім беру үрдісін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету жыл сайын тиісті оқу жылының Нұсқаулық-әдістемелік хатындағы құжаттар тізбесі негізінде жүзеге асырылады. Оқу жұмыс жоспарлары үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспарында инвариативті және вариативті компоненттердің апталық және жылдық жүктемесі бар, білім беру салалары мен оқу пәндері көрсетілген. Оқу жұмыс жоспары жыл сайын педагогикалық кеңестің отырысында талқыланады.

### **Оқу жұмыс жоспарлары**

2022-2023 оқу жылы ( I жарты жылдық)

[https://drive.google.com/file/d/1DUfSAdKaq-6rWIs7ZwuW7UF1OUiqXTT/view?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/file/d/1DUfSAdKaq-6rWIs7ZwuW7UF1OUiqXTT/view?usp=drive_link)

2022-2023 оқу жылы ( II жарты жылдық)

[https://drive.google.com/file/d/1TpPTDbRMjPqCR\\_pKaNaXmpahz0JKkJQ0/view?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/file/d/1TpPTDbRMjPqCR_pKaNaXmpahz0JKkJQ0/view?usp=drive_link)

2023-2024 оқу жылы

[https://drive.google.com/file/d/12sek94t2gxdoPzk8uTVf2pTc8QjMz9Lm/view?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/file/d/12sek94t2gxdoPzk8uTVf2pTc8QjMz9Lm/view?usp=drive_link)

2024-2025 оқу жылы

[https://drive.google.com/file/d/1Jm1f7-YG1QGdxDzdgUWY2TkQmjMgA0NO/view?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/file/d/1Jm1f7-YG1QGdxDzdgUWY2TkQmjMgA0NO/view?usp=drive_link)

### **2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары**

2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспары төмендегі нормативтік құжаттарға сүйене отырып жасалды:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі - МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы);

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы); I жж. №500 бұйрығының 1-қосымша

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 11- қосымша, ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8- қосымша);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, иандау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы);

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту арқылы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы);

### **5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру**

5-9-сыныптардағы оқу үрдісі ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 3 қосымша Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт және ҚР ОАМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6 қосымша бекітілген типтік оқу жоспарына сүйеніп жасалған I жж.. ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 13- қосымша); ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 16- қосымша.

2022-2023 оқу жылында мектебімізде вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруды көздейтін «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5-8-сыныптарға 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат енгізілді.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін 10-11-сыныптарда оқу жұмыс жоспары ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 4 қосымша Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 22 қосымшаға, ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 13-қосымшасына сәйкес іске асырылады.

### **2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспары**

***Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері***

2023-2024 оқу жылында «Бименде Амалбеков атындағы тірек мектебі /РО/» КММ білім беру үрдісін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарын және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуып, оқыту үрдісі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

-«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

-«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8



қарашадағы № 500 бұйрығы, 2022 ж. 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) -«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

-«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022 №376 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

-«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы

-«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022 №376 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

-«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хат.

### **Бастауыш білім беру**

1-4 сыныптардағы білім беру үрдісі ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №500 бұйрығымен бекітілген (типтік оқу жоспарының 11-қосымшасымен, ҚР ОАМ 2023 жылғы №264 бұйрығының 11- қосымшасымен жүзеге асырылады. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-сыныптарында «Әліппе», «Ана тілі» пәндерін оқыту жалғастырылады, 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады. 1-2 сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»пәндерін, 3-4-сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін оқыту жалғасады. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 25, 26 тармақшаларына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады, «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда

әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

### **5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру**

5-9-сыныптардағы оқу үрдісі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) типтік оқу жоспарының 16-қосымшасымен жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруды көздейтін «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5-8-сыныптарға 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат жалғастырылады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

10-сыныпта оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 22-қосымшасына сәйкес жасалды.

Қосымша білім беру ресурсын пайдалану білім алушыларға әлем туралы тұтас түсінік қалыптастыруға, жеке тұлғаның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді. Оқу жоспары 11-сынып оқушыларына өздерінің жалпы мәдениеттілігіне, оқу материалын игеруде кәсіпалды құзыреттілігіне, мектеп бітірушілердің өмірлік жағдайларға бейімделе алуына ықпал етеді және алдағы уақытта ЖОО табысты білім алуына немесе түрлі салада еңбек етуге негіз болады. 10-11 сыныптарға «Жаһандық құзыреттілік» курсы 1 сағаттан енгізілді.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесі мен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы - ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Оқушылардың апталық жүктемесінің максималды көлемі білім беру объектісінің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес.

Осылайша, «Бименде Амалбеков атындағы тірек мектебі /РО/» КММ, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары базалық пәндер бойынша орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындайды, мектеп жұмысының басым бағыттары пәндері бойынша білім беру стандарттарының мазмұнын кеңейтеді және толықтырады,

функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылар мен негізгі және пәндік құзыреттіліктерге қол жеткізуді, оқушылардың өзін-өзі анықтауын қамтиды. Оқу жүктемесінің нормалары санитариялық-гигиеналық талаптардан аспайды және "Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" қағидаларына сәйкес келеді.

### **2024-2025 оқу жылының жұмыс оқу жоспары**

2024-2025 оқу жылында «Бименде Аманжол атындағы тірек мектебі /РО/» КММ білім беру үрдісін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарын және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуып, оқыту үрдісі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

-«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

-«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

-«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>

### **Бастауыш білім беру**

1-4 сыныптардағы білім беру үрдісі ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №500 бұйрығымен бекітілген (типтік оқу жоспарының 11-қосымшасымен, ҚР ОАМ 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығының 11- қосымшасымен жүзеге асырылады. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-сыныптарында «Әліппе», «Ана тілі» пәндерін оқыту жалғастырылады, 2- сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады,

ағылшын тілі 3-сыныбында басталады.. 1,2,3сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін, 4-сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін оқыту жалғасады. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 25, 26 тармақшаларына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады, «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

### **5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру**

5-9-сыныптардағы оқу үрдісі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР ОАМ 2023 жылғы 26 ақпандағы №323 бұйрығының 16- қосымша ) типтік оқу жоспарының 16-қосымшасымен жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруды көздейтін «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5-8-сыныптарға 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат жалғастырылады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

10-сыныпта оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 22-қосымшасына, ҚР ОАМ 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 22- қосымшасына сәйкес жасалды.

11-сыныпта оқу-тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012жылғы 8 қарашадағы«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 86-қосымшасына сәйкес жасалды.

Қосымша білім беру ресурсын пайдалану білім алушыларға әлем туралы тұтас түсінік қалыптастыруға, жеке тұлғаның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді. Оқу жоспары 11-сынып оқушыларына өздерінің жалпы мәдениеттілігіне, оқу материалын

игеруде кәсіпалды құзыреттілігіне, мектеп бітірушілердің өмірлік жағдайларға бейімделе алуына ықпал етеді және алдағы уақытта ЖОО табысты білім алуына немесе түрлі салада еңбек етуге негіз болады. 10-11 сыныптарға «Жаһандық құзыреттілік» курсы 1 сағаттан енгізілді.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесі мен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Оқушылардың апталық жүктемесінің максималды көлемі білім беру объектісінің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес.

Осылайша, "Б.Амалбеков атындағы Тірек мектебінің (РО)" КММ 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары базалық пәндер бойынша орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындайды, мектеп жұмысының басым бағыттары пәндері бойынша білім беру стандарттарының мазмұнын кеңейтеді және толықтырады, функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылар мен негізгі және пәндік құзыреттіліктерге қол жеткізуді, оқушылардың өзін-өзі анықтауын қамтиды. Оқу жүктемесінің нормалары санитариялық-гигиеналық талаптардан аспайды және "Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" қағидаларына сәйкес келеді.

### **Сабақ кестесі**

Мектептің жұмыс тәртібі-5-күндік жұмыс аптасы (2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары 5-күндік). Оқу 2 ауысымда өткізіледі. 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдары аралығында сабақ және қоңырау кестелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы

16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес (Министрліктің бұйрықтарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулармен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі ҚР ДСМ-20 және 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76) сәйкес құрылған.

Сабақ кестелері 2022-2023 оқу жылында «Bilimal» электронды журналына орналастырылды, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «BilimClass» электронды журналына енгізілді. Мектептік компонент, таңдау бойынша пән, элективті курстар мектеп директоры бекіткен сабақ кестесінде көрсетілген. Сабақ кестесі қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. Оқу жылының әр тоқсанында мұғалімдердің келіп-кетуіне байланысты өзгерістер болып отырды.

**«Б.Амалбеков атындағы тірек мектебіне (ресурстық орталық)» 2022 жылы  
келіп-кеткен мұғалімдер тізімі**

№	Аты-жөні	Қабылданған күні	Кеткен күні	Бұйрық №
1.	Аманжолова Гульназ		01.09.2022ж	№6
2.	Қоранов Мәди		01.09.2022ж	№7

**Б.Амалбеков атындағы тірек мектебіне 2023 жылы келіп-кеткен  
мұғалімдер тізімі**

№	Аты-жөні	Қабылданған күні	Кеткен күні	Бұйрық №
1.	Тасубаева Г.С		31.08.2023ж	№41
2.	Жамауова М.К		31.08.2023ж	№42
3.	Абдрахманова Г.С		31.08.2023ж	№44
4.	Искакова К.С	01.09.2023ж		№46
5.	Кендирбаева Н.Е	12.09.2023ж		№50
6.	Сарманова З.Д	14.09.2023ж		№51
7.	Нургазиева С.Е	27.09.2023ж		№53
8.	Шабдаров Б.Б		16.10.2023ж	№56
9.	Қаламғазы А.		31.08.2024	№43
10.	Ахмедина С.А.		01.09.2023	№45

**Б.Амалбеков атындағы тірек мектебіне 2024 жылы келіп-кеткен  
мұғалімдер тізімі**

№	Аты-жөні	Қабылданған күні	Кеткен күні	Бұйрық №
1.	Шабдаров Б.Б	11.01.2024ж		№60
2.	Шамкенова Г.Е	29.08.2024ж		№68д
3.	Омарова Ж.К		02.09.2024ж	№77
4.	Бакеева К.Т		02.09.2024ж	№78
5.	Искакова Ш.К		02.09.2024ж	№79
6.	Бибосынов С.С		02.09.2024ж	№81б
7.	Қыстаубаева А.Ж	05.09.2024ж		№82
8.	Нұрбекова Д.М	05.09.2024ж		№83
9.	Ақпарова Ж.К	05.09.2024ж		№87

**Қосымша. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының сабақ  
кестелері.**

[https://drive.google.com/drive/folders/1j9I8Y2QJz7N0McN1vYbl8LNE0eilxNnh?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/drive/folders/1j9I8Y2QJz7N0McN1vYbl8LNE0eilxNnh?usp=drive_link)

Білім беру бағдарламаларының орындалуын бақылауды мектеп әкімшілігі тоқсан сайын жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері бағдарламалық материалдың барлық пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарлау бойынша жүргізілгенін көрсетті.

Оқу жоспарын жүзеге асыру кезінде мереке күндеріне түсетін сабақтар есепке алынды, қайталауға бөлінген сағаттар арқылы оқу бағдарламасының мазмұнын кіріктіру ескеріліп, келесі күндерге ауыстырылды. Мұғалімдердің оқу

бағдарламасының теориялық және практикалық бөліктерін орындауы электронды журналда жинақталады. Оқу бағдарламаларының орындалуын талдау оқу сағаттарының жоспарланған және нақты көлемі туралы толық және объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, бастауыш, негізгі және орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының білім беру бағдарламаларын іске асыру толық көлемде жүзеге асырылады. Инварианттық компоненттің жалпы білім беретін пәндердің базалық мазмұнын меңгеру жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

1) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2022-2023 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспарының инвариантты компоненттің базалық мазмұнын игеру

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық) негізінде жүзеге асырылды.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022ж. №467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) жүргізілді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасындағы инвариантты компоненттегі пәндер bilimal.kz, bilimland.kz электронды журналдарындағы күнтізбелік-тақырыптық жоспарларынан қаралып, тексерілді. Барлық инварианттық пәндер бойынша оқу бағдарламалары игерілген. Бағалау нақты бөлім ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылған. Білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі негізіндегі оқу бағдарламаларының көлемі әр пән бойынша bilimal.kz, bilimland.kz электронды журналдарында қамтылған. Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушылардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз ететін, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталған оқу бағдарламаларын қамтыған. Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық бағытында бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша анықталған.

[https://drive.google.com/drive/folders/1UmLN3wDR0sp5GeagZY1BQ-o2LLn3qd-W?usp=drive link](https://drive.google.com/drive/folders/1UmLN3wDR0sp5GeagZY1BQ-o2LLn3qd-W?usp=drive_link)

**3) білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге арналған тәрбие жұмысы жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);**

**4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сыныптан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру**

Тиімді тәрбие іс-әрекетінің маңызды шарты – мектептің тәрбие жұмысының нормативтік-құқықтық базасының болуы. **Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы негізгі нормативтік құқықтық құжаттарына мыналар жатады:**

1) Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 қаулысымен бекітілген Білім және ғылым министрінің бұйрығы;

2) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

4) 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

5) «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;

6) «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Қазақстан Республикасының Заңы;

7) «Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Қазақстан Республикасының Заңы;

8) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

10)ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері;

11)Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020.06.12. № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.



## **Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы келесі құжаттардан тұрады:**

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
4. 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
6. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
7. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
8. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
10. ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
11. ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

**Мектептің тәрбие жұмысының мақсаты** – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамытуға, оқушылардың жеке басын өзін-өзі анықтауға, олардың қоғамда сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау.

### **Міндеттері:**

1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

2) оқушыларда оқу іс-әрекетіне оң тұрақты мотивацияны, білім беру мен өзін-өзі тәрбиелеудің өмір мен қызмет үшін маңыздылығын түсінуді дамыту.

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілетін дамыту үшін жағдай жасау

жолымен интеллектті байыту; отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ және Қазақстанның басқа этностары мен этникалық топтарының тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) жеке тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту;

6) балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға, отбасы институтын нығайтуға саналы түрде қатысуға дайындау;

7) әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-аналар бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;

8) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;

9) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;

10) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

11) кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалудың алдын алу және жасөспірімдер арасында нашакорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеуге, «тәуекел» тобындағы балаларды мектеп, сынып өміріне, үйірмелер, секциялар сабақтарына қатысуға барынша тартуға құқылы.

12) оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

**2021-2022,2022-2023 оқу жылының мектептің тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы:** Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру болатын. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясын, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде азаматтықты және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жөніндегі мектептің іс-шара жоспары келесі **бағыттарға сәйкес құрылды:**

- 1.Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- 2.Рухани-адамгершілік тәрбие.
- 3.Ұлттық тәрбие.
- 4.Отбасылық тәрбие.
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- 7.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- 8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

**2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» көрсетілген ұлттық құндылықтар: Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.**

Баланың жетістігі баланы әлеуметтендірудің қажетті шарты;

Оқушылардың жетістігі оқушылардың психологиялық әл-ауқатының қажетті шарты және олардың денсаулығының негізі;

Оқушының жетістігі әр түрлі қызмет түрлерінде (шығармашылықта, спортта, ғылымда және т. б) білім алушының нақты жетістіктерінің нәтижесі.

Жетістік білім алушылардың өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі тануының негізі. Тәрбие процесін қамтамасыз етудің негізгі құралдары:

- ата-аналармен жұмыс;
- сынып ұжымымен жұмыс;
- жалпымектептік ұжымдық шығармашылық іс-шаралар;
- үйірме қызметі;
- спорттық-сауықтыру қызметі;
- мерекелер, концерттер, фестивальдер.

Тәрбие формаларын таңдау төмендегілерге негізделген:

- педагогикалық мақсаттылық;
- білім алушылардың жас ерекшеліктерін;
- балалар ұжымының даму ерекшеліктерін және оның дәстүрлерін талдау;
- тәрбиенің өңірлік компонентін есепке алу;
- мектептің техникалық және материалдық мүмкіндіктері;

Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жетістіктері мен мәселелері **педагогикалық кеңес** отырысында үнемі қаралып отырады: Педагогикалық кеңестер балалардың адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытты ұйымдастыру және азаматтық-патриоттық сезімдерін қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған сынып жетекшілерінің, білім беру процесінің барлық қатысушыларының жұмыс тәсілдерін, әдістері мен формаларын қолдану бойынша ұжымның жұмысын талдайды т. б.

**1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** бойынша мектепте аталып өтетін **Республика, Тәуелсіздік күндеріне арналған онкүндіктер, Қ.Р.Мемлекеттік рәміздері насихаттау, «Мектеп – мейірім мекені!» Білім күніне салтанатты жиын, «Жас ұлан» ұйымына қабылдау, әскери-спорттық ойындар, «Қайырымдылық» шаралары және т.б. іс-шараларға 1-11 сынып оқушылары 100% қатысады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу мақсатында «Адал Ұрпақ» бағдарламасы тәрбие жоспарына енгізіліп жүргізілуде. Сәуір айында Ұлы Жеңістің , ҚР Қарулы күштерінің күндеріне арналған патриоттық айлық жоспар бойынша жүргізілді. Сапта жүріп ән айту, Жас жол инспекторлары байқауы, «Жас сарбаздар» жарысы, «Батыр ару», «Ер ұлан», «Ұлан», ерлік сабақтары сынды патриоттық іс-шаралар дәстүрге айналған. Бұған 5-6, 7-11 сыныптардың 70% қатысып, көрермен ретінде 100% оқушы жанкүйер, көрермен болып қатысады. Мектеп**

оқушыларының Туған елге деген сүйіспеншілік сезімдерін көтеру мақсатында «Туған елге тағзым» ғылыми жобалар байқау, «Менің Отаным – Қазақстан», «Тарих мұрасы», «Өз жерінді таны» тақырыптарында мұражайға саяхаттар, аудандық кітапханаларының іс-шараларына қатысу, «Табиғат бесігі», «Туған өлке тарихы» тақырыптарына сурет көрмелері ұйымдастырылып отырады, «Ұлы дала тұлғалары» жобасына оқушылар қатысты. Оқушылардың бойында Отанға, елге деген патриоттық сезімдерін ояту мақсатында Долика кентіндегі КарЛаг саяси-қуғын сүргін құрбандарын есте сақтау музейіне сапармен барды. 1 мамыр - Бірлік пен Татулық мерекесі» тақырыбында 1-4 сыныптарда жаппай диктант жазу жұмысы жүргізілді. 1-4 сыныптар арасында "Бейбіт ел-бақытты бала" тақырыбында мектепшілік сурет байқауы өткізілді. «Халық Қаһарманы» атағының иегері, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі, Қарулы күштердің құрылуы мен қалыптасуында аса маңызды рөл атқарған алғашқы армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына арналған аудандық «Жас сұңқар» патриоттық әндер байқауына қатысып I, II жүлделі орындар иеленді. Ұлы Отан соғысы жылдары туралы естеліктерді сақтауға бағытталған «Жеңіс лентасы» атты патриоттық шарасы өтті.

31 мамыр – Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі - жаппай саяси қуғын-сүргін және ашаршылыққа ұшыраған құрбандарды еске алап аудандық ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

5 қыркүйек "Қазақстан халқы тілдері күні" мерекесі қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні не орай салтанатты сапта тұру отті. Патриоттық бағыттағы атқарылған тәрбие жұмысының көрсеткіштері оқушылардың қатысудағы өсуін көруге болады.

**Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша өткізілген мектепшілік іс- шаралар және қатысқан оқушылар талдауы. Іс-шара саны (қатысқан оқушылар саны)**

Жылы	Кездесу, жиналыстар	Дебат	Спорттық жарыс	Сынып сағаты	Мерекелік шара	Әскери ойындар, сайыстар	Сурет көрмесі	Эссе байқаулары	Ғылыми-зерттеу, әлеуметтік жобалар	Мұражайларға саяхаттар
2021-2022	8 (240)	3(30)	7 (210)	34(800)	5 (720)	5 (150)	5(100)	8 (160)	3(30)	4(480)
2022-2023	11(330)	5(50)	15 (450)	34(800)	7 (720)	8 (240)	7 (140)	9(180)	4(40)	6 (720)
2023-2024	14(420)	7(70)	19(570)	36(800)	7 (720)	8 (240)	7(140)	9(180)	4(40)	6 (720)

**Құқық және тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында құрылған Профилектикалық кеңес өз жұмысын жоспарға сәйкес жүргізеді. Қыркүйек айында сапта тұруларда мектептің ішкі тәртіп ережесі таныстырылады. Мектеп**

ішіндегі құқықбұзушылықтың алдын алу және оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында мұғалімдерден және сынып оқушыларынан кезекшіліктер құрылып ұйыдастырылады. **Таңертенгілік сабаққа кешігіп келу** оқушыларға арнайы журнал басталып, тіркеу жүргізіліп отыр және кезекші сыныптар кешігіп келу оқушылардың ата-аналарымен сынып жетекшілер тығыз жұмыс жасалуда. Мектеп ішінде оқушылардың **сабаққа қатысуы** сынып жетекшілер сабаққа қатысу дәптерлеріне белгілеп, күнделікті есеп беріледі. Сабаққа 10 күннен астам себепсіз келмей қалған оқушылар болған жоқ. Сабаққа кешігетін оқушылармен үнемі жұмыс жүргізіледі. Аудандық білім бөлімі және Ішкі істер бөлімімен бірлесіп **«Түнгі қаладағы балалар»** құқықбұзушылықтың алдын-алу және қадағалау рейдтік жұмыстары жүргізілді.

Рейд барысында қараусыз жүрген оқушылар анықталған жоқ. Сонымен қатар **жол қауіпсіздік** ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, «Назар аудар – балалар!» жедел –алдын алу іс-шарасы бойынша Жас инспекторлар жасағы құралған. «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, жол ережелерімен таныстырылды. **Өрт қауіпсіздігіне** арналған шаралар, **ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау** және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, **діни экстремистік көзқарасқа қарсы**, зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстарына 1-11 сынып оқушылары толық 100 пайыз қамтылып өткізіледі. Әр сыныпта **ашық тәрбие сағаттары**, атап айтқанда «Тәртіпке бағынған құл болмас», «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», «Менің отбасымның құндылықтары», «Біз салауатты өмірді қолдаймыз», «Аулақ бол жаман әдеттен» атты тақырыптарда ашық тәрбие сағаттары өткізіледі. Мектептен тыс мекемелермен құқықбұзушылыққа байланысты жоспар құрылып, **құқық қорғау органы қызметкерлерімен кездесулер** өтті. **Мектепшілік қыздар және ұлдармен** тоқсан сайын құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында жиналыстар өтті. Жиналыстарда мектептің әлеуметтік педагогы Сауытбаева А.С, мектеп психологі А.А.Спатаева ұлдардың тәртібі, қазақ отбасындағы ұл бала және қыз бала тәрбиесі ерекшеліктері, қоғамдық ортада өздерін қалай ұстау керектігін түсіндіреді. Мектепшілік іс – шараға 2021-2022 оқу жылы 41% қатысса (карантин кезі), 2023-2024 оқу жылы 81% өсті. Әр дүйсенбі сайын мектепшілік форма сақтау мақсатында рейдтер жүргізіледі. Мектеп формасының сақталуы - 100% болды. Жаңаарқа АПБ ЖПКБ ЮПТ УПИ инспекторлары, ауданымыздың **прокуратура қызметкері** мен **аурухана мамандарымен кездесулер** әр тоқсан сайын, демалыс алды кезінде 7-11 сынып оқушыларына түсіндірме, профилактикалық іс шаралар өткізеді.

Профилактикалық кеңеске мектеп әкімшілігі, психолог, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, кей уақытта оқушылардың ата-аналары шақырылады. Оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алу мақсатында және **бос уақыттарын тиімді** іс-әрекетке бағыттау үшін **үйірме, секцияларына тартылуда**. Мектеп психологтары жекелеген оқушылардың хал-ахуалын жақсарту мақсатында оқушылармен диагностикаларын жүргізіп, нәтижелері бойынша сынып жетекшілер, пән мұғалімдері, ата-аналары, әлеуметтік педагог,

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірлесе отырып жоспарлы түрде түзету жұмыстарын жүргізеді. Психолог тарапынан арнайы **тақырыптық жұмыстар сауалнамалар, тренингтер әрқайсысымен жекелей жүргізіліп, анықтамалары жасалады.** Тәртібі қиын оқушылармен үнемі профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Сынып жетекшілері өз сыныбындағы оқушылардың әрқайсымен жеке әңгіме, отбасымен тығыз байланыста болады. Жыл сайын қараша айында **«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» іс-шаралары** өткізіледі. 7-10 сынып оқушыларына **"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ"** тақырыбында эссе жазу ұсынылады, **8-9 сын. дөңгелек стол іс-шарасында** пікір алмасып өз ойларын ортаға салады, ауданымыздың **заңгер-адвокатымен кездесуде** балалардың құқықтары заң бойынша қорғалатыны жайында сөз етілді. "Балалар біздің болашағымыз!" тақырыпта 5-сыныптар арасында **сурет салу акциясы** өтті. Мектеп психологтары буллингтің алдын алу мақсатында **"Стоп Буллинг"** тақырыбында **QR код ақпарат стендінде** балаларға көмек ретінде кіре беріс дәлізге, бірінші және екінші қабат дәлізіне, үшінші қабат дәлізіне асхана есігі, киім ілгіш, спорт зал, дәретхана есігіне ілініп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. "Топ тұтастығы - бірлік бастауы" тақырыбында 7-8 сынып оқушыларымен **тренинг** өтті. Ойының көмегі арқылы, топтағы жасөспірімдерге қарым-қатынасты жақсартып ,бірлікті нығайту.

### **Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу көрсеткіші**

	<b>2021-2022</b>	<b>2022-2023</b>	<b>2023-2024</b>
АІБ есепте тұрған оқушылар саны	0	0	0
Мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны	4	3	4
Суицид саны	0	0	0
Тәуекел топтағы оқушылар саны	4	4	5
Себепсіз сабақ босатқан оқушы саны	0	0	0

Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың есепке алыну себебі ата-ана тарапынан қадағалаудың аздығы, отбасылық тәрбиенің жеткіліксіз болуы. Осы бағыттағы кемшіліктердің алдын алу, ата-ананың бала тәрбиесіндегі белсенділігін арттыру және педагогикалық-психологиялық көмек беру жұмыс жасау басшылыққа алынған.

**2. Рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру** бағыты мектебімізде қарттар күніне арналған **«Ардағым-ардагерім» акцияларына** 8-10 сыныптардың 90% жуық оқушылар қатысады. Акция аясында ардагерлерге, көмекке мұқтаж, жалғызбасты қарттарға тұрмыстық жұмыстарына көмек көрсетіледі. Әр оқу жылы сынып сағаттары өткізіліп, **«Адамгершілік»,**

«Достық» тақырыптарында **бейнероликтер көрсетіліп сұхбаттар жүргізіледі. 1 наурыз алғыс айту күні** Туған жеріне, Еліне, ата-анасы, ұстаздарына және барлық қазақстандықтарға, түрлі этностардың өкілдеріне құрмет пен сыйластықпен қарау мақсатында ауқымды шаралар барлық 1-11 сыныптарда өткізіледі. Оқушылар **бейнероликтер** әзірлеп, "Алғыс хат" тақырыбында **эссе жазды, «Тілек ағашын»** безендіреді. Мектептің шаруашылық қызметкерлерінің өлшеусіз еңбектерін құрметтеп, рақмет айтып, дәліздегі еденін жуып, жиһаз, терезе, гүлдердің шаңдарын сүртіп бір күндік көмек береді.

Оқушыларды рухани азық ретінде кітап оқуға шақыру мақсатында мектеп кітапхана қызметкерлерімен бірлескен **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** аясында жыл бойы үздіксіз жоспарға сәйкес акциялар, жобалар, тәрибелік сағаттар, кітап оқу минуттары, кездесулер, кітапханаларға саяхаттар өткізіліп, нәтижесінде кішкентай оқырмандар саны артуда.

10-11 сынып оқушыларына ел Тәуелсіздігі жолында аянбай қызмет еткен қоғам қайраткерлерін үлгі ету мақсатында **«Жыр жалын»** поэзия әлемі **әлеуметтік педагогикалық жобасы** аясында Сәкен Сейфуллинге арналған «Сахара сұңқары» әдеби танымдық кеш өткізілді. Ақын Ғалым Жайлыбайдың «Рух» өлеңінен бастау алған кеште **Ақынға арнау өлеңдер** оқылып, шығармаларынан **көріністер** көрсетіліп, **аудандық мұражай** қызметкерлері ақынға тиесілі дүниелер жайлы сыр шертті. Сонымен бірге мектептің **«Медиасауаттылық» үйірмесінің** мүшесі, жас тілші Бимендин Бекзаттың Жаңаарқа кентіндегі Сәкен Сейфуллинге арналған мәдени орындарды таныстырған **репортажы** көрсетілді.

2024 ақпан айында оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің балалар омбудсмендері бастамашылық еткен **«ДосболLIKE» бағдарламасының** басталуы **салтанатты жиында** 1-4сын., 5-6 сын, 7-11 сынып оқушыларын 100% қамтылып өтті. "ДосболLIKE: достық қолын ұсын " сурет салу конкурсы өтті. Бағдарлама аясында оқушылар мен мұғалімдерден құралған 5 команда **волейболдан жарыстар** өткізілді. 11 сынып оқушыларына "Көтеріңкі көңіл-күй" тақырыбында **квест ойындары** өтті. Акциясы аясында ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру мақсатында **«КІШІ ЗИЯТКЕРЛІК АКАДЕМИЯ»** бойынша оқушылардың танымдық қабілеттерін шыңдау үшін **зияткерлік сайыстар, викториналық сұрақтар және дебат ойындары** өтті. "Адал ұрпақ" еріктілер клубының оқушылары мектебіміздің ауласын қардан тазалау жұмыстарына көмектесті. **Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанының 35-жылдығы** қарсаңында ардагерлермен кездесу өтті.

**3. Отбасы тәрбиесін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар** отбасы-бала тұлғасының негізі қаланатын, оның дамуы мен өмірге бейімделетін шағын әлеуметтік орта екенін ұғындыра отырып, барлық 1-11 сыныптарда толық 100% қамтылып жүргізіледі. **Халықаралық отбасы күніне** арналған мектепшілік «Менің отбасымның құндылықтары», «Отан отбасынан басталады», «Отбасы-өмір аясы» тақырыптарында **тәрбие сағаттары, «Жазғы каникулдан жарқын**

естелік», «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім» бейнероликтері, «Шаңырақ» тақырыбындағы суреттер байқауы ата-аналарымен бірге дайындалады. 5-6 сыныптар арасында «Әке көрген оқ жонар» әкелер арасындағы қол өнер шығармашылық байқауында әкелердің бала өміріндегі маңызын көтеру болса, «Ана көрген тон пішер» аналар арасындағы байқауда әдет-ғұрып, салт-дәстүрді қыз баланың бойына сіңіре отырып, тәрбиелеу мақсатында өткізілді.

«Халықаралық отбасы күні» (15 мамыр) мерекесіне «Менің анам», «Менің отбасым» атты тақырыпта оқушылар суреттер салды.

4. Ұлттық тәрбие бағытында «Бақ –берекем, құт-берекем,Әз –Наурыз!» тақырыбында ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттауда маңызды онкүндіктерге 1-11 сынып оқушылары толық 100% қатысады. «Жайнау», «Шаттық күні», «Көрісу», «Шеберлік» күндері түрлі іс-шаралар өткізіледі. «Зияткерлік» күні аясында 1-4, 5-6, 7-10 оқушылары арасында «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» байқаулары өтті. «Жеті ата» сауалнама видеороликтары, сурет салу байқаулары он лайн жүйеде өткізіледі. Біздің мектеп оқушылары, еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында бір мезетте күй орындауға ата-аналар мен мұғалімдері Наурыз мейрамына арналған республикалық челленджге қатысты.

Ұлттық тәрбиенің өзегі деп мектебімізде «Шабандоздық мәдениет» жобасы да ауқымды іс-шара жоспары бойынша өткізілуде. 5-9 сыныптар арасында ғылыми-практикалық конференция "Қазақтың шабандоздық мәдениеті", "Ат баптау, бәйгеге қосу", "Қазақ әдебиетінде суреттелген жылқы бейнесі", "Ат әбзелдері", "Сүт өнімдері мен ет тағамдары" тақырыптар төңірегінде зерделеу жұмыстарын ұсынып, қорғады. "Жеті қазына" Қарағанды облысы саятшылық, құсбегілік және құмай тазы федерациясының жетекшісі Сейпішев Қайсармен мектебіміздің 8-9 сынып оқушылары кездесті. 7 сыныптың ер балаларын АӘД және дене шынықтыру пән мұғалімдері Атқа қалай міну керек, қалай тізгінге ие болу керектігін, тайды мектеп алаңына әкеліп, практика жүзінде үйретіп, көрсетті. Атқа міну адамға қанат бітіреді, бойдағы қорқынышты жеңіп, өз-өзіне деген сенімділігі артады. Қазақ өнеріндегі тұлпарлар сипаты бар шығармаларды орындау (мәнерлеп оқу, ән байқауы), қолөнер байқауы (қамшы, жүген өру) байқаулары өтті. Бұл игі іс-шара дәстүрлі түрде жүргізілу қажеттілігін көрсетті.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында мектеп кітапханасында "Ұлттық құндылықтар - ұлт қазынасы" атты кітап көрме-шолу өткізілді. Ұлтты құрметтеу - ұлттық құндылықтарды білу, насихаттау, сақтау дегенді білдіреді.

Мектебімізде әр апта жұма күні Ұлттық киім күні болып жарияланған. Осы ерекші күнге орай 11 А сынып оқушылары «Бір бауырсақ-бір мақал» челленджін бастады.

5. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағытындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Балалар кітабы апталығын» ұйымдастыру және өткізу 1-4 сыныптың 80% оқушылары танысқан жаңа



кітаптар бойынша шығармашылық жұмыс жасады – «әдеби джем» методикасы арқылы пазлдарды жинау, аппликация жапсыру, сурет салу, «Кел, кітап оқимыз!» оқушыларды қызықты **викториналық байқаулар**. МАД топтарында «**Bookstart-кітаппен танысу**» кітапханалық сабақтар өткізіледі. 5-11 сыныптарда оқылған әдебиет бойынша **READx** форматында «Read the classics», «Мен кітап арқылы әлемді танимын», "Кітап оқу -сән", "Менің үйімдегі кітапханам" байқауларға 50 пайыз оқушы қатысты. **БАҚ-да** балалардың оқуын насихаттау, **кітап көрмелері, кітапханаға топты саяхаттар** өткізіледі. 23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық қорғау күніне орай мектептің 9 сынып оқушылары С.Сейфуллин атындағы кітапханаға саяхат жасап, интеллектуалды ойынға қатысып, белсенділер сыйлықтарға ие болды. 2-3 сынып оқушылары Б. Өтешев атындағы балалар кітапханасына саяхатта оқушылар кітаптармен танысып, ойын ойнады. **Ақын-жазушылардың мерейтойлары** бойынша **сапта тұру** (Акселеу Сейдімбеков 80 жылдығы, Сакен Сейфуллин 130 жылдығы, Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл жылдығы, Қожа Ахмет Ясауидің (1093-1166) 930 жылдығы, әз-Заһир Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толды, ақын Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығы, Әбілхан Кастеевтың 120 жылдығына, Ілияс Жансүгіровтың 130 жылдығына, Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына және т.б.), **әдеби сабақтар, көркем сөз байқаулары** өтеді.

"Жаһандық құзыреттілік" таңдау курстары бойынша жоспарланған апталық аясында 8-9 сыныптың 100% оқушыларымен "**Медиа әлемі**" **тақырыбында** Ted Talks өткізілді. "Қорқынышты фильмдердің қоғамға әсері", "Балалар неге мультфильмдер көрмейді", "Тик-ток пайдасы мен зияны", "Family link", "Инстаграм", "YouTube" тақырыптарын жан-жақты зерттеп ұсынылды. Мектеп психологтар "**Өз жағында бол**" **психологиялық кітабы** бойынша сабақ өткізді. Сабақ барысында оқушылар өзін-өзі дамытуға, белсенділік арттыруға және мақсатына жетуге ықпал ететін пайдалы жаттығулар мен тапсырмаларды орындады.

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен мектепте **шығармашылық көрмелер** «ART парад» **макеттер жасау**, «Қалдықтарға екінші өмір сыйла» байқауларына 7-10 сынып оқушыларының 50% қатысты. «Алтын жебе» **пікірталас** сайыстары 7-8 сыныптарының 30 оқушысы қатысуымен ай сайын өткізіліп тұрады.

Оқушылардың зияткерлік, ақпараттық мәдениетін дамыту және бос уақыттарын тиымды пайдалану мақсатында әр оқу жылы басында сынып жетекшілер оқушыларды кентіміздің **қосымша білім беру ұйымдарының** және **мектепшілік үйірмелер мен секцияларына 100% қамту** үшін ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Нәтижесінде Аудандық оқушылар үйінің «Робототехника», «Болашақ инженерлері», «Легоқұрастыру», «Дебат» үйірмелеріне және Жаңаарқа өнер мектебіндегі «Домбыра», «Дәстүрлі ән», «Вокал» үйірмелеріне қатысатын оқушылар байқау жеңімпаздары атануда. Аудандық спорт мектебіне қатысушылары саны да жеңімпаздары саны да артуда.

"Мағжан оқулары" ғылыми-шығармашылық конкурсының облыстық кезеңінде қатысып 11 сынып оқушысы Аманжол Асылжан жеңімпазы атанды. 12 сәуір-**Халықаралық ғарышкерлер күніне** орай саптық жиын өтті.

**6. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиені қалыптастыру бағытында** мектебімізде қыркүйек, қазан, қараша айларында дәстүрлі «**Жасыл мектеп**» акциясы өткізіледі. Сонымен қатар, көктемгі және күзгі үш айлық экологиялық акцияларға мектеп оқушылары белсенді 100% пайыз қатысады. «Мамандықты дұрыс таңдай білейік» мамандармен кездесу кешіне **түрлі мамандық иелері шақырылып**, кәсіптік бағыттау мақсатында 100% 9-11 сынып оқушыларына ақыл кеңестер айтылды. «**Ата-анамның жұмыс орнында 1 күн**» тақырыбында слайд презентацияларды дайындауға 7-8 сынып оқушылары қатысып, **психологтардың оқушылар бейімдігін зерттеу** тесттер нәтижесі ата-ана, сынып жетекшілермен талқыланады.

«Мектебім-мәңгілік сағынышым» тақырыбымен дәстүрге айналған мектеп **түлектерімен кездесу кешінде** түлектер бал бұлақ өмірлері өткен мектебімен және ұстаздарымен үлкен сағынышпен қауышады. Бұл іс-шараға ұйымдастырушы ретінде 10-11 сынып оқушылары қатысады. 5-11 сынып оқушыларының «**Сиқырлы саусақ**», «**Шебер қолдар**» мектепішілік үйірмелеріне қатысып, жұмыстарын шығармашылық **көрме, байқауларға** шығарады. **Халықаралық құстар күні-жыл сайын 1 сәуірде** атап өтілетін экологиялық күн **сапта тұруда және сынып сағаттарында, сурет салу сабақтарында** аталып өтті. Технология пәні мұғалімі мен ата-аналар көмегімен **құстарға арналған ұяшықтар** жасалынып, мектеп жанындағы ағаштарға ілінді.

Жыл сайын 11 сынып түлектері «**Түлектердің ағаш егу**» челленджіне қатысып, мектеп ауласына ағаш отырғызады және «**Түлектерден-табиғатқа**» атты **плоггингке** қатысып кент төңірегін тазалау жұмыстарына қатысады.

**7. Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбиені қалыптастыру бағытында** әр 1-11 сыныптарында тәрбие сағаттары «Қоғамдық ортада өзінді ұстай білесің бе?», «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста!» тақырыптарында өткізіледі. **Жаңа жылды қарсы алуға, Алтын күзге арналған ертеңгіліктері, би, ән сурет байқаулары**, «Жас ұлан» ұйымының және Мектеп парламентінің көмегімен өтеді. Көпмәдениеті тұлға тәрбиелеу «**Әсем әуен**» вокал, «**Шұғыла**» би, «**Алтын жебе**» дебат, «**Көңілді бояулар**» сурет, «**Сиқырлы саусақ**», «**Шебер қолдар**» қолдар **үйірмелерінің** белсенді жұмыстарының арқасында жүзеге асырылатын. Бүгінгі таңда балалар мен жасөспірімдерге өзіндік даралықтары мен дағдыларын танытуға, шығармашылықтарын дамыту ауданымыздың **қосымша білім беру ұйымдарында** өтуде. Мектеп оқушылары **қосымша білім берумен қамтылу үлесі – 87% болып 706 оқушыға жетті.** Оның ішінде Өнер мектебіне 64 оқушы, Оқушылар үйінде – 56, Аудандық спорт мектебінде 120, ART спорт-99, мектепішілік дебат үйірмесінде 20, «Жахандық құзыреттілік» курстарында 82, мектепішілік спорт секцияларда-265 оқушы. Алдағы оқу жылдарында қосымша білім берумен қамту көрсеткіштерін 92% көтеру жоспарлануда.

Мектеп оқушылары балалар мен жасөспірімдер арасында «**Мұрагер-2023**», «**Мұрагер-2024**» облыстық шығармашылық байқауының аудандық кезеңінде

белсенді қатысып толағай табыстарға жетті: Вокал Соло-Бас жүлде, 1 орын-2, Аспапта ойнау-Бас жүлде, Дәстүрлі ән-Бас жүлде, 1 орын-1, 2 орын-2, Үздік жүргізуші-1, Көркем сөз-1 орын-2, 2 орын-1, Сәндік-қолданбалы өнер-2 орын-1, Бейнелеу өнері -3 орын-4, Театр-1 орын (8 оқушы), Хореография-2 орын (12-14 жас) және 2 орын (15 жас). Облыстық кезеңінде шығармашылық байқауының “Үздік жүргізуші” жанры бойынша мектебіміздің 9 б сынып оқушысы Бақтияр Еркеназ жүлделі I орын иеленді жетекшісі Анара Амирова.

Аудандық мәдениет үйінде өтетін шығармашылық өнер байқауларын Жаңаарқа аудандық білім бөлімі және Мәдени сауық орталығы жыл сайын ұйымдастырады «Ботақан», «Жырлайды жүрек», «Самға», «Егіздер», биыл Бибігүл Төлегенованың 95 жылдығына арналған “Таланттарды іздейміз” байқауларына кеңінен қатысып жеңімпаз атанып жүр.

Жыл сайын көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша "Алтын қазына" балалар шығармашылығының көрме-байқауының аудандық, облыстық кезеңінің жеңімпаздары атанады.

2023-2024 оқу жылында бастау алған "ӘНШУАҚ" фестиваліне оқушыларымыз қатысып, орындаған әндерін әлеуметтік желіге жариялауда.

**1 наурыз Қазақстан Ассамблеясы** құрылған күніне орай Республикамызды мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған «Ынтымақ, бірлік, келісім-ең басты байлық ел үшін» тақырыбында мектебіміздің **әр сыныптарында сынып сағаттары** өткізіліп, 10 сынып оқушылары мен татар ұлтының өкілдері Сабирова Нурилла, Фатхудинова Рамзиямен мерекелік кездесу өтті.

**8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша** мектепте «Тоғызқұмалақ», «Шахмат», «Асық ату», «Волейбол», «Баскетбол», «Футбол», «Стол теннисі», «Қысқы, жазғы көпсайыс ойындары» спорт секциялары қыздарға және ұлдарға бөлек ұйымдастырылған. Мектепішілік секциялармен қамтылған оқушылар саны **265 (32%)**, Аудандық спорт мектебінде **110 (13,5%)**, ART спортқа қатысатын оқушы саны-**45 (5%)**. Мектепішілік спорт іс-шараларына оқушылар белсене қатысады. Аудандық, облыстық спорт сайыстарына қатысып командалық және жекелей 1,2,3 орындарға ие болды. Жыл сайын өткізілетін «Денсаулық фестиваліне» 2-11 сынып оқушыларының 100% қатысып, жаңа оқу жылының алдында оқушыларға жақсы серпіліс алады. «Тазалық денсаулық кепілі» тақырыбында ауылдық **аурухана қызметкерлерімен кездесулер**, лекциялар ұйымдастырылады. Күнделікті оқушылардың тазалығы, денсаулығы сынып жетекшілер мен медбике назарында. **Темекіден бас тарту, нашақорлықтың алдын алу акциялар** жыл сайын өткізіледі. «**Мен және менің денсаулығым**» сынып сағаттары барысында адам денсаулығына байланысты **фильмдер көрсетіледі, презентациялар дайындау, әр-түрлі суреттер салу барысында өздерінің салауатты өмір салтына** деген оң көзқарастарын білдіреді. Пән мұғалімдері **сабақ үстінде 1-2 минуттық сегіту** дене жаттығуларын өткізеді. Бұндай сергіту сәттерін насихаттау мақсатында мектепішілік челлендж өткізіледі.

“Асық-асыл қазына” **асық ойындарының сайыстарына** белсенді қатысады.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында күзгі, қысқы, көктемгі каникул кезінде кеңінен спорт шаралары ұйымдастырылады.

### 2023-2024 оқу жылы өткізілген іс-шаралар сілтемелері

Іс шаралар	сілтемесі
«Мектеп-мейірім мекені!» Білім күніне салтанатты жиын “Мектепке алғашқы қадам” 1-сынып оқушылары	<a href="https://www.facebook.com/share/p/6mUBErR2N4RVwx92/">https://www.facebook.com/share/p/6mUBErR2N4RVwx92/</a>
Еліміз зайырлы мемлекет болып есептегендіктен, оқушылар арасында әлеуметтік теңдік сақтау мақсатында білім алушылар біріңғай мектептің ішкі тәртібі мен талабына сай мектеп формасын ұстануды талап етеміз. Мектеп формасын кию: ұлдардың сыртқы келбеті- қара көк түсті шалбар, бір түсті жейде ( ақ түс) қара көк түсті кеудеше; қыздар-ұзындығы тізеден келетін қара көк түсті белдемше, қара көк түсті кеудеше, ақ жейде. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: А.И Малайсаринова	<a href="https://www.facebook.com/share/p/duqj2aZ8iMxTFw4b/">https://www.facebook.com/share/p/duqj2aZ8iMxTFw4b/</a>
“Жазғы каникулдағы жарқын естелік” “Менің саяхатым” тақырыптары бойынша дайындалған бейнежұмыстар.	<a href="https://www.facebook.com/share/p/NguLStzd4WD4yxfK/">https://www.facebook.com/share/p/NguLStzd4WD4yxfK/</a>
5 қыркүйек "Қазақстан халқы тілдері күні" мерекесі. Бұл мереке "Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы-тіл" деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты. Апталықтың ашылуын ұйымдастырып өткізген Қожамұратова	<a href="https://www.facebook.com/share/p/3vRUr8X4bFj5Bcgj/">https://www.facebook.com/share/p/3vRUr8X4bFj5Bcgj/</a>
Ұлытау облысының әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының «Сергіту сәті» челленджі өткізілді.	<a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid0rdTFu9Z3DLWjuMKShqDE3aVRGthyq7ZusGBhck4pcayxqGc9McdrxjywCvWsZBpPl">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid0rdTFu9Z3DLWjuMKShqDE3aVRGthyq7ZusGBhck4pcayxqGc9McdrxjywCvWsZBpPl</a>
«Назар аудар – балалар!» жедел –алдын алу іс-шарасы бойынша мектебіміздің Жас инспекторлар жасағынан құралған 8-сынып оқушылары «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында сынып сағаттарына қатысып, жол ережелерімен таныстырды. Сондай-ақ «Бағдаршам» жолда жүру ережесін үйренеміз атты бейнероликтер көрсетілді.	<a href="https://www.facebook.com/share/p/PYRGcgPZHVkt6gds/">https://www.facebook.com/share/p/PYRGcgPZHVkt6gds/</a>
Қожа Ахмет Ясауидің (1093-1166) 930 жылдығына орай 10"Б" сынып оқушылары (сын.жет.Изтолеуова А.С) 7-11 сынып саптық жиынында-қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі шығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер туралы мағлұмат берді.	<a href="https://www.facebook.com/share/p/ZBhKo4HOK6fX6enj/">https://www.facebook.com/share/p/ZBhKo4HOK6fX6enj/</a>
20-21.09.2023 мектебімізде дәстүрлі түрде өтетін "Денсаулық фестивалі өтті. Флешмобпен басталған фестивалге 2-11 оқушылар толығымен қатысып жас ерекшеліктеріне қарай 30,60,100 метр қашықтыққа жүгіру, қолды бүгіп жазу, кермеде тартылу (ұлдар), шалқадан жатып кеудені көтеру (қыздар), арқан тартыс сайыстарына қатысып оқушылар жаңа оқу жылының	<a href="https://www.facebook.com/share/p/nbWdu9g4ujwXiVvx/">https://www.facebook.com/share/p/nbWdu9g4ujwXiVvx/</a>

алдында жақсы серпіліс алып, командалық ұйымшылдық сезініп қайтты.	
Ұлттық мектеп лигасының футбол жарысы бойынша ұлдар командасы I орын, қыздар командасы III орын	<a href="https://www.facebook.com/share/p/sAdCMdT7RQTMz2SV/">https://www.facebook.com/share/p/sAdCMdT7RQTMz2SV/</a>
Мектебіміздің оқушылары ардагер ұстаздарды Қарттар күнімен құттықтады. Атап айтсақ 7 в сыныбы сынып жетекшісі Айнур Дүйсенбайқызымен ардагер ұстаз Тишкен Абжановнаны құттықтады, 7а сыныбы сынып жетекшісі Асель Омарбековнамен ардагер ұстаз Тиыштық Абильдиновнаны, 8 б сыныбы сынып жетекшісі Айнур Сагингалиевнамен Раушан Меркеновнаны, 8г сыныбы сынып жетекшісі Балнұр Айдыновнамен Қамарай Байгабуловнаны, 8 в сыныбы Марал Жумабековнаны, 7б сыныбы сынып жетекшісі Шынар Шахизадина Любовь Сергеевнаны құттықтап, ғибратты әңгімелерін тыңдап, үй шаруаларына көмектесіп қайтты. Сонымен қатар бүгін Қарттар күніне орай салтанатты сапта тұру өтті. Жауапты 8а сыныбы. Сынып жетекшісі Күмісбекова Н.А.	<a href="https://www.facebook.com/share/p/9t5iuoS YXPriC2ph/">https://www.facebook.com/share/p/9t5iuoS YXPriC2ph/</a>
Мектебіміздің ұстаздар күніне орай мектеп президенті Сапарбай Аян бастаған өзін-өзі басқару ұйымы “Дублер күнін” өткізді. Дублер күніне 11-10 сынып оқушылары қатысып, оқушыларға сабақ берді. Дублер күніне 75 оқушы қатысты.	<a href="https://www.facebook.com/share/p/iKfsxTGkMru4hziT/">https://www.facebook.com/share/p/iKfsxTGkMru4hziT/</a>
Мектебімізде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында әр жұма тұрақты түрде ұлттық киім күні болып енгізілді.	<a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb m/posts/pfbid035vutZ a6qnR5HHrA3rV8Kd Tc1xFKQYvRWsY2z ii2wBErurQdPeyV5G Hx1aitHMJM7l">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb m/posts/pfbid035vutZ a6qnR5HHrA3rV8Kd Tc1xFKQYvRWsY2z ii2wBErurQdPeyV5G Hx1aitHMJM7l</a>
“Ұлттық мектеп лигасы” Жеңіл атлетикадан 9-11 сынып оқушылары жүлделі I орын	<a href="https://www.facebook.com/share/p/bF5Eyyq RZ4wG7Y8GD/">https://www.facebook.com/share/p/bF5Eyyq RZ4wG7Y8GD/</a>
Террорлық актінің алдын-алу бойынша мектеп оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.	<a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb m/posts/pfbid0ZmhH efOoXFUZ2wjpkdTP Bb61559eeKL3cAkh ETYvKx4H12V7cKU yjF9jjQRj1m35l">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb m/posts/pfbid0ZmhH efOoXFUZ2wjpkdTP Bb61559eeKL3cAkh ETYvKx4H12V7cKU yjF9jjQRj1m35l</a>
Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінде Республика күніне орай 8-10 сыныптар арасында Ұлытау облысының әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен "Жастар жарқын болашаққа" атты СҰР I облыстық пікірсайыс турнирінің мектепшілік кезеңі өтті. Жетекшісі: Мананбаев Қ.С.	<a href="https://www.facebook.com/share/p/srmQNe cM9Tik4x52/">https://www.facebook.com/share/p/srmQNe cM9Tik4x52/</a>
Ұлттық мектеп лигасы бойынша футбол жарысында 7-8 сынып қыздары 1-орын, ұлдар 2-орынға ие болды. Жетекшілер Айтбеков А.А. Сейтжапанов С.Б.	<a href="https://www.facebook.com/share/p/CqojEZ 9rHhux1dNc/">https://www.facebook.com/share/p/CqojEZ 9rHhux1dNc/</a>
Ұлттық мектеп лигасынан 5-6 сыныптар арасында 14 команда ішінен үлкен футболдан 3 орын. Жетекшісі Шегиров Н.Б.	<a href="https://www.facebook.com/share/p/KUs3s5 WLSGtXKv8e/">https://www.facebook.com/share/p/KUs3s5 WLSGtXKv8e/</a>

<p>Жолда жүру қауіпсіздік ережесін сақтау мақсатында «Көлік жүргізушілерге үндеу!» бейнебаян түсірді.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/9Z4jMRkd9sASnKT3/">https://www.facebook.com/share/v/9Z4jMRkd9sASnKT3/</a></p>
<p>Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету, білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту мақсатында мектебімізде ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығы құрылды.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/kKYGkNicgr5fxF6f/">https://www.facebook.com/share/v/kKYGkNicgr5fxF6f/</a></p>
<p>21 қазан 2023 жыл Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінде (РО) "Өзін-өзі басқару ұйымы" Мектеп Парламентінің Президентін сайлауы өтті. Президенттікке үміткер оқушылар бағдарламаларын сәтті қорғап, мектеп оқушыларының дауыс беру және комиссия мүшелерінің қорытынды нәтижесі бойынша Мектеп Президенті болып 10 А сынып оқушысы Елешова Зейнеп жеңіске жетті. Өткізген мектеп тәлімгері: С.Е.Нургазиева</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/KJ9bmwx1DdL4gQvo/">https://www.facebook.com/share/p/KJ9bmwx1DdL4gQvo/</a></p>
<p>21 қазан сағат 10:00 де «Республика күніне» орай «OPEN VOICE» ҚР Мемлекеттік Гимннің бір мезетте жаппай орындау акциясы өтті.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/aTsYmVEtqVYTY9MU/">https://www.facebook.com/share/v/aTsYmVEtqVYTY9MU/</a></p>
<p>"Өзін - өзі басқару ұйымы" Мектеп Президенті саптық жиында ант қабылдады. Фракция жетекшілері өздерін таныстырып, мақсаттарымен бөлісті.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/ayd4b6WbD9aDDCia/">https://www.facebook.com/share/p/ayd4b6WbD9aDDCia/</a></p>
<p>Республика күні құтты болсын! Бұл күн биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен еліміздің ұлттық мерекесі қатарына қайта қосылды. Көпшілік білетіндей, 1990 жылғы 25 қазанда «Егемендік туралы» декларация қабылданды, еліміз тәуелсіздікке бет бұрды, азат болудың алғышарты жасалды. Сондықтан біз үшін бұл күннің орны ерекше. Қазіргі шақта Жаңа, Әділетті Қазақстанды құрудың маңызды қадамдары жасалуда. Еліміздің құрылымдық жүйесінде, саяси-экономикалық бағытында жаңғыртулар қолға алынды. Халық жаңа қоғам қалыптастыруға деген бастамаларға қолдау білдірді. Демократиялық үрдістерді орнықтыруға, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бұл өзгерістердің жетісулықтар үшін де маңызы зор болмақ.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/c4NRq7sNeuMNCCCC/">https://www.facebook.com/share/v/c4NRq7sNeuMNCCCC/</a></p> <p><a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid0FCECu9CLE95u9eF9gYPyVmnRm18UddRBQZKY3vBnmm5AnKtpbZ3n1udzZWPpyK8631">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid0FCECu9CLE95u9eF9gYPyVmnRm18UddRBQZKY3vBnmm5AnKtpbZ3n1udzZWPpyK8631</a></p>
<p>Республика күніне орай өткізілген сынып сағаттары.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/xdNppzpbSzg4mCDS/">https://www.facebook.com/share/p/xdNppzpbSzg4mCDS/</a></p>
<p>25 қазан Республика күніне орай мектебіміздің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болған Сагденова Нағима Думанқызын еске алуға арналған турнир өтті.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/1kV1cH8jB8LkBwAj/">https://www.facebook.com/share/p/1kV1cH8jB8LkBwAj/</a></p>
<p>Балаларды интернет жүйесінде тұрақты бақылау мақсатында "Ата-ана бақылау" бағдарламаларын ұялы байланыс телефонына қондыру және оларды қолдану тәртібін түсіндіретін бейне нұсқаулықты жолдаймыз!</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/pmJiku4MPVvhWxT8/">https://www.facebook.com/share/v/pmJiku4MPVvhWxT8/</a></p>
<p>Қазан айының 27 күні Мектебіміздің 9-11 сынып ұл балаларымен аудандық ІІБ ювеналды полиция қызметкерлерінің қатысумен әңгіме, лекциялар жүргізілді.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/UZ2JSu1CLrh8XDnE/">https://www.facebook.com/share/p/UZ2JSu1CLrh8XDnE/</a></p>



<p>30.10. 23 күні сағат 10-00 де Б.Амалбеков тірек мектебінде, математика пәнінен "Оқытудың жаңа тәсілдері, мұғалімнің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға қалай әсер етеді" тақырыбында семинар өткізілді. Барлық магниттік мектептердің математика мұғалімдері қатысып “Статистикалық элементтер”, “Ықтималдықтар теориясы”, “Комбинаторика” тараулары бойынша есептер шығарып, тәжірибе алмасты. Өткізген математика пәні мұғалімдері Шынар Абилдина Самат Ізтөлеуов Ардана Канатовна</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/SNgiL8ErXimsGYRc/">https://www.facebook.com/share/p/SNgiL8ErXimsGYRc/</a></p>
<p>Ұлттық мектеп лигасы баскетбол сайысынан оқушылары арасында ұлдар командасы I орынмен жетекшісі Жарылғапов А.облысқа жолдама. 9-11 сынып қыздары арасында II орын жетекшісі Темірғали А.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/h6pjp9hMC5hoL6mc/">https://www.facebook.com/share/p/h6pjp9hMC5hoL6mc/</a></p>
<p>Ұлттық мектеп лигасы баскетболдан қыздар командасы 7-8 сынып арасында III орынға ие болды. Жетекшісі Айтбеков А.А.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/foptXe1PTepу449u/">https://www.facebook.com/share/p/foptXe1PTepу449u/</a></p>
<p>Ұлттық мектеп лигасы баскетболдан ұлдар командасы 5-6 сынып арасында III орынға ие болды. Жетекшісі Сейтжапаонв С.Б:</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/yC11g3gy4tFBP1U4/">https://www.facebook.com/share/p/yC11g3gy4tFBP1U4/</a></p>
<p>Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша 1-4 сынып ата-аналарына сабақтар өткізілді. Сабақты өткізген Iв сынып жетекшісі Сауытбаева Г. С.</p> <p>Мақсаты балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid02J1w6FieLRV4nqcsRciYt2qFydDTEQfPDK3BG9CjKDXweBih3XeGfueTL3GVaD3wBl">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid02J1w6FieLRV4nqcsRciYt2qFydDTEQfPDK3BG9CjKDXweBih3XeGfueTL3GVaD3wBl</a></p>
<p>Оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында 9-11 сыныптар арасында теннистен жарыс өтті. Өткізген Ахмедин З. Мукунбаев Б.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/S3FC96Hh1Gz2NFVv/">https://www.facebook.com/share/p/S3FC96Hh1Gz2NFVv/</a></p>
<p>1 қараша күні 5-8 сынып ата-аналарына “ Баланың басты ұстазы- ата-ана” тақырыбында 5. 6, 8 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен ата-аналарға педагогикалық қолдау сабағы өтті.</p> <p>Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы-отбасы. Ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, тәрбие жайлы пікір бөлісу, ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.</p> <p>Өткізген: Кожамуратова Г. И. , Кумисбекова Н. А. Қыдыралина А.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/zBrAqBDeUqiLDikA/">https://www.facebook.com/share/v/zBrAqBDeUqiLDikA/</a></p>
<p>27 қазан 2023 жыл Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінде "Өзін-өзі басқару" ұйымы Мектеп Президентін ұлықтау рәсімі өтті.</p> <p>Бір ай бойы мектеп президенті лауазымына үміткерлер сайлау алдындағы бағдарламаларын өткізіп, жаңа идеялар мен жобаларды ұсынды. Мектеп президентін сайлау үрдісі жалпыға бірдей теңдік және сайлау бостандығы қағидалары негізінде жүзеге асырылды.</p> <p>Дауыс беру қорытындысы бойынша 10 А сынып оқушысы Елешова Зейнеп барлық үміткерлер арасында ең жоғары дауыс жинап, жаңа президент лауазымына тағайындалды. Жаңа президентпен бірге мектептегі "Өзін-өзі басқару" ұйымының жаңа құрамы анықталды.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/oiFZj5CX3VPY7UaX/">https://www.facebook.com/share/p/oiFZj5CX3VPY7UaX/</a></p>

<p>Салтанатты ант беруден кейін оқушылардың өзін-өзі басқару президенті Елешова Зейнеп жаңа жобаларды жүзеге асыру бойынша болашақ жоспарларымен бөлісті.</p>	
<p>Оқушылардың күзгі демаласын тиімді ұйымдастыру мақсатында Мектеп парламентінің және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі С.Б. Сейтжапановтың ұйымдастыруымен сыныпаралық волейбол сайысы өтті</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/videos/2428909617291825/">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/videos/2428909617291825/</a></p>
<p>7 а, б, в сынып ата-аналарымен өткізген “Баланың бас ұстазы - ата-ана” тақырыбында өткен педагогикалық сағаты.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid0C1mjuBotNSPKR9UjDMySZG8PfLOmEbiynihJ4a1PAD8WkZUNx51Yman3H8c9tbLrl">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid0C1mjuBotNSPKR9UjDMySZG8PfLOmEbiynihJ4a1PAD8WkZUNx51Yman3H8c9tbLrl</a></p>
<p>11 "Б" сынып ата-аналарымен "Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу... Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу-тұлға қалыптасуының негізі" тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау сабағы өтті. Өткізген 11 "Б" сынып жетекшісі Мухаммеджанова Н.Р.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid02vFuB6U2akYJvif4oTbmwnS7WbMHF2Mw4akyx7KWtvbdfnunDGy4LSYAaq3rFrk3l">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid02vFuB6U2akYJvif4oTbmwnS7WbMHF2Mw4akyx7KWtvbdfnunDGy4LSYAaq3rFrk3l</a></p>
<p>Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында мектеп кітапханасында "Ұлттық құндылықтар - ұлт қазынасы" атты кітап көрме-шолу өткізілді. Ұлтты құрметтеу - ұлттық құндылықтарды білу, насихаттау, сақтау дегенді білдіреді.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/v7oZL2kCrcoiBvJv/">https://www.facebook.com/share/v/v7oZL2kCrcoiBvJv/</a></p>
<p>Ұлттық баяндама жобасы педагогикалық кеңесте таныстырылды.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/1qAvAacUKZguMX5N/">https://www.facebook.com/share/p/1qAvAacUKZguMX5N/</a></p>
<p>Биыл Ұлы дала топырағында туып Мысырды билеген әйгілі өз-Заһир Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толды. Дүниені дүбірлеткен Бейбарыс бабамыз бүгінгі ұрпақ біз үшін қашан да мақтаныш. Сондықтан да оның ерлік тарихын жаңғыртып отыру, кейінгілерге жеткізу әр өз тарихын, отанын, ата-бабасын сыйлаған ұрпақтың қастерлі міндеті.</p> <p>106 сынып оқушылары 7-11 сынып арасында өткізілген сапта тұруда Египет елін билеген сұлтан туралы мағлұмат берді.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid0T6SGE17yXGG3xnvF7T15MWsNLXwRhRyVcNQNYnnYd9PhHGqbkmJhkyuom57Ee2CTl">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid0T6SGE17yXGG3xnvF7T15MWsNLXwRhRyVcNQNYnnYd9PhHGqbkmJhkyuom57Ee2CTl</a></p>
<p>Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті ақын Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығына орай Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінің кітапханашылары 3 а сыныпта кітапханалық сабақ өткізді. Оқушылар М. Әлімбаевтың шығармашылығымен танысып, ақын атаның балаларға арналған өлеңдер, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер айтып, жұмбақтар шешті.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/yb89PnVt58P29K8s/">https://www.facebook.com/share/v/yb89PnVt58P29K8s/</a></p>



<p>7-10 сынып оқушылары "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында эссе жазды.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/TtwS5Mjnjp3vJ2Yh/">https://www.facebook.com/share/p/TtwS5Mjnjp3vJ2Yh/</a></p>
<p>"Отбасы және бала тәрбиесі" тақырыпта мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ мақсатында "ӨРКЕН" ұлттық ғылыми-практикалық балалардың хал-ахуалы институтының ҚЫЗМЕТІ және сол бағытта мектебімізде өтетін шаралардың жоспары таныстырылды.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/ruWLieNgdvrMMbND/">https://www.facebook.com/share/p/ruWLieNgdvrMMbND/</a></p>
<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес! Ұстаздар арасында түсіндірме жұмыстары.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/CjBCWqdnvbDDS8nQ/">https://www.facebook.com/share/v/CjBCWqdnvbDDS8nQ/</a></p>
<p>"Мен зорлық -зомбылыққа қарсымын!" атты тақырыпта ауданымыздың заңгер-адвокаты Әбдрахманов Берік Серікұлымен кездесу өтті. Мақсаты: бала құқығы туралы толық мағлұмат беру. Кездесуде балалардың құқықтары заң бойынша қорғалатыны жайында сөз етілді. Өткізген тарих және құқықтану пән мұғалімі Ж. Ж. Дүйсенев.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/e43oCijVJmzb7iiH/">https://www.facebook.com/share/p/e43oCijVJmzb7iiH/</a></p>
<p>Тақырыбы: "Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!" Мақсаты: Оқушыларға зорлық- зомбылық туралы мағлұмат беру. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтары мен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету маңызды. Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/iLKhdHhG586uLdCo/">https://www.facebook.com/share/p/iLKhdHhG586uLdCo/</a></p>
<p>7-11 сыныптардан Суицидтік бағыттылықты анықтау және Жасөспірімдердің суицидтік қауіпті ұстанымдарын анықтау мақсатында СБА әдістемесі алынды және мектеп психологы Спатаева А.А тренинг өткізді</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/9aboiPJcbPumAqEF/">https://www.facebook.com/share/p/9aboiPJcbPumAqEF/</a></p>
<p>17 қарашада "Зорлық-зомбылық және қатыгездік" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айтып, оқушыларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами қасиеттерді сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу. Әдісі: Түсіндіру, пікіралмасу. Өткізген Мананбаев Қ.С.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobm/posts/pfbid06pa717Xfc8UXp3H5TP1T9RqNfhQt81hAVTcMNFbQfrQ127kpTrGQyS4QMgNERXAXI">https://www.facebook.com/bamalbekovjobm/posts/pfbid06pa717Xfc8UXp3H5TP1T9RqNfhQt81hAVTcMNFbQfrQ127kpTrGQyS4QMgNERXAXI</a></p>
<p>"Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында лекция. Жаңаарқа АПБ ЖПКБ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Амангелды Рахат Төлеугалыұлы құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыстық әрекеттерден сақтану және құқықтарын қорғау жөнінде мәліметтер берді.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobm/posts/pfbid02Bzu2ozWdMKaju4HuVhbPxFqdssrDUBVZ4mzqp6W22gvBCCkzRiv5kRDwnLAYXfiPI">https://www.facebook.com/bamalbekovjobm/posts/pfbid02Bzu2ozWdMKaju4HuVhbPxFqdssrDUBVZ4mzqp6W22gvBCCkzRiv5kRDwnLAYXfiPI</a></p>

<p>Бүгін мектебімізде 7-10 сыныптар арасында “Арт Парад” өнертапқыштар сайысы өтті.</p> <p>Мақсаты: ел болашағын қалыптастырушы ұрпақтың ғылымға деген қызығушылығын арттыру.</p> <p>Оқушылар өлкетану, жаңа технологиялар, ұлттық құндылық бағыттары бойынша макеттер жасап, мақсаты, жаңашылдығы, сипаттамасы, сөйлеу мәнері бойынша бағаланды.</p> <p>Үздік жұмыстар жүлделі орындармен марапатталды.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/mNvwznGuDVmFbgCv/">https://www.facebook.com/share/p/mNvwznGuDVmFbgCv/</a></p>
<p>Бүгін мектебімізде “Ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру” жобасы бойынша Қарағанды қаласы “Назарбаев зияткерлік мектебі ДББҰ” бір топ ұстаздары семинар-практикум өткізді. Семинар барысында мұғалімдер тәжірибе алмасып, практикалық тапсырмалар орындады.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/WxAu7Xhj3eJ7pH7u/">https://www.facebook.com/share/p/WxAu7Xhj3eJ7pH7u/</a></p>
<p>Ұлттық мектеп лигасы тоғызқұмалақтан 9-11 сыныптар арасында 1 орын</p> <p>7-8 сыныптар арасында I орын</p> <p>Жетекшісі Иртыш Шакаримович</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/bgL6rCpRseN3wooK/">https://www.facebook.com/share/p/bgL6rCpRseN3wooK/</a></p>
<p>Аудандық роболанд байқауының жеңімпаздарын құттықтаймыз</p> <p>Қаржаубай Асылбек 2 орын, Орынбай Ерзат және Әкенов Нұрәлі 3 орын</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/stCpAexXWZ41DY8t/">https://www.facebook.com/share/p/stCpAexXWZ41DY8t/</a></p>
<p>Бүгін 20.11.2024ж ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың АШЫЛУ САЛТАНАТЫ өтті. Ауыл мектептеріне арналған олимпиада Қазақстанның шалғай елді мекендеріндегі дарынды және талантты балаларды анықтауға және дамытуға бағытталған. Олимпиадада академиялық адалдықты қамтамасыз ету үшін тапсырмалар әр қатысушыға жеке электронды түрде ұсынылады. Олимпиаданың барлық кезеңдерінде оқушылардың аты-жөні әділ-қазылар үшін жасырын болады. Әр кезеңнен кейін тапсырмалардың сканерленген нұсқасы, қатысушылардың жұмыстары мен дұрыс жауаптар орталықтың сайтында жарияланып отырады».</p> <p>Интеллектуалды сайыс үш кезең бойынша өткізіледі: бірінші кезең (бастапқы) – қараша айында; екінші кезең (іріктеу) – желтоқсан айында; үшінші кезең (республикалық) – 2024 оқу жылының қаңтар айында.</p> <p>Республикалық III кезеңнің барлық қатысушылары республикалық сырттай оқу мектебіне қабылданады. Қорытындысында қатысушылардың жалпы санының 45%-нан құралатын жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады. Олар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің дипломдарымен марапатталады. I дәрежелі диплом иегерлері 2024 жылғы ақпан айында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне дайындау мақсатында өткізілетін оқу-жаттығу жиындарына шақырылады. Ашылу салтанатында Жаңаарқа аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Достаева Гүлшат Игликовна сөз алып қатысушыларға олимпиаданың өту тәртібімен таныстырып, сәттілік тіледі. Олимпиада 20.11-30.11 аралығына 11 пән бойынша өтуде. Бүгін ағылшын тілі пәні бойынша бақ сынады. Барлық қатысушыларға сәттілік тілейміз!</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/muEJGr93pKPMuj5o/">https://www.facebook.com/share/p/muEJGr93pKPMuj5o/</a></p>

<p>Бүгін 21.11.2023ж «Озат тәжірибе-ортақ іс» тақырыбында, бастауыш сыныпта оқыту идеяларымен бөлісіп, мұғалімдердің шығармашылық ерекшеліктері бойынша іс-тәжірибелерімен алмасып, жаңа әдіс-тәсілдермен қоржындарын толықтыру мақсатында бастауыш сынып мұғалімдерінің мектепшілік семинары ұйымдастырылды. Бірлестік жетекшісі Алина М.А іс-шараның мақсатымен таныстырып, семинарды ашып берді.Муздыбаева Р.Т, Ахметова Г.К, Асаинова Г.Б, Идрисова А.К «Сәлемдесу» тренингі арқылы ашып берді. Онлайн-презентация «Бастауыш сынып оқушыларының оқу,жазу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді тәсілдері» бойынша Сауытбаева Г.С, Исакова К.С, Сыздыкова Д.Б, Жакупова Р.Т «Әдеби джем», «Ғажайып суреттер» арқылы мәтін құрау, сауатты оқып, жазуға үйретудің тиімді, қолайлы әдіс- тәсілдерімен бөлісті.</p> <p>«Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін сын тұрғысынан бағалау» Шожина Б.К, Омарова Ж.К, Сайтбаева Р.С, Омарова А. С ұстаздары баяндама оқып, өз тәжірибелерімен бөлісті.</p> <p>Ибикенова К.К, Садвакасова Ж.Б, Шалғынбаева А.К «Инновациялық идеяларды жүзеге асыру арқылы нәтижеге бағытталған білім беру» тақырыбында платформа «Wordwall», «Joyteka» ойындары арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында озық тәжірибе таратты.</p> <p>Семинардың соңында жақсы деңгейде өткені туралы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Садвакасова А.А, Аханова Г.Р сөз кезегін алып, іс-шара қорытындыланды.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid02W2UXnLLuZXZdqZAjXntE6M2vBYm1vFGRe5nUGJqsnwJDA3U14FfNbm7YSpU9MJhl">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid02W2UXnLLuZXZdqZAjXntE6M2vBYm1vFGRe5nUGJqsnwJDA3U14FfNbm7YSpU9MJhl</a></p>
<p>Бүгін 24.11.2024ж “Еркін тыныс ал!”Жалпыреспубликалық флешмоб өтті. Мақсаты: Балалардың салауатты өмір салтына деген ұмтылысын қолдау, вейпингтің зияны, оның ағзаға тигізетін кері әсері, адамның жалпы хал-жайына, көңіл-күйіне және өмірлік белсенділігіне теріс әсер теу туралы хабардарлық деңгейін арттыру.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/wc1GJHBZSpSnXUmm/">https://www.facebook.com/share/v/wc1GJHBZSpSnXUmm/</a></p>
<p>Ұлттық мектеп лигасы теннис бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында I орын облысқа жолдама</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/tvq89urCqyV1KZEj/">https://www.facebook.com/share/p/tvq89urCqyV1KZEj/</a></p>
<p>Кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында "Балаларға қатысты зорлық жоқ!", "Балалар біздің болашағымыз!" тақырыпта 5-сыныптар арасында сурет салу акциясы өтті.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/4eSbVN8YsPegvpVG/">https://www.facebook.com/share/p/4eSbVN8YsPegvpVG/</a></p>
<p>Мектебімізде әр апта жұма күні Ұлттық киім күні болып жарияланған. Осы ерекші күнге орай 11 А сынып оқушылары “Бір бауырсақ - бір мақал” челленджін бастады. Мектебіміздің ұстаздары және қонақтары челленджге белсене қатысып, бауырсақтан дәм татты.</p> <p>Аталмыш челленджді 11 А сынып оқушылары мектебіміздің 10 сынып оқушыларына жолдады</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/HMYCS eEuQaXRr9xm/">https://www.facebook.com/share/v/HMYCS eEuQaXRr9xm/</a></p>

<p>12.12 күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу мақсатында ауданымыздың прокуратура қызметкері Алибаева Динара Ерқанатқызы мен ІІБ КТІ инспекторы Амангелді Р.Т 9-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/aADqivUJtb7tnmoz/">https://www.facebook.com/share/p/aADqivUJtb7tnmoz/</a></p>
<p>Егемен еліміздің ұлық мерекесі - Тәуелсіздік күні арналған салтанатты сапта тұру өтті. Тәуелсіздікті әрқашан қастерлей білуге тиіспіз. Бұл - біздің азаматтық парызымыз бен борышымыз. Көк байрағымыз лайым бейбіт аспан астында желбіреп тұрсын!</p> <p>Барлық сыныптарда тәуелсіздігімізге арнап сынып сағаттар өтті.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid0doJBmSi2peL5NrwmUMvcLjZ9TPaQgmgQ8cJX6nZ6mm1bags3Emi4jhWCNnFPFZT9l">https://www.facebook.com/bamalbekovjobb/posts/pfbid0doJBmSi2peL5NrwmUMvcLjZ9TPaQgmgQ8cJX6nZ6mm1bags3Emi4jhWCNnFPFZT9l</a>  <a href="https://www.facebook.com/share/p/fpYGLbVKAsBTPvuu/">https://www.facebook.com/share/p/fpYGLbVKAsBTPvuu/</a></p>
<p>Өзін-өзі басқару ұйымы мектебімізде әр апта жұма күні Ұлттық киім күні болып жарияланған. Осы ерекші күнге орай 11 А сынып оқушылары “Бір бауырсақ - бір мақал” челленджін бастап, 10 А сыныбына жолдаған болатын. 10 А сынып оқушылары челленджді “Бір бауырсақ - бір сұрақ” түрінде жалғастырды. Осы жұма 9 Б сыныбы “Бір жұмбақ - бір құрт” челленджіне ұласты</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/pSXYokniGsPY6jmH/">https://www.facebook.com/share/v/pSXYokniGsPY6jmH/</a></p>
<p>15.12.2023ж</p> <p>Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінде (РО) 16 - желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 5 -сынып оқушыларын "Жас Ұлан" ұйымына қабылдау салтанаты өтті.</p> <p>Мақсаты: Ұйымның өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Бұл салтанатқа ұстаздар мен "Өзін- өзі басқару" ұйымы және Мектеп Президенті мен фракция жетекшілері қатысты. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А. Серикбаева оқушыларымызға жылы лебізін білдіріп, "Жас Ұлан" ұйымы жайлы мақсатымен таныстырып, көп мәлімет берді.</p> <p>Өткізген мектеп тәлімгері: Нургазиева С.Е.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/TsspAe9S2fYBi1jv/">https://www.facebook.com/share/v/TsspAe9S2fYBi1jv/</a></p>
<p>Мектеп кітапханашылары даярлық топтарда "Bookstart - Кітаппен танысу" сабақтарын өткізді. Сабақ мақсаты: мектепалды даярлық топтың балаларына суретті мұқият қарау арқылы суретке сипаттама беріп, сөйлеу қабілетті дамыту.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/v/LejnbPmnuNJHSWxj/">https://www.facebook.com/share/v/LejnbPmnuNJHSWxj/</a></p>
<p>Дене шынықтыру бойынша жетістіктерінің жетістіктері:</p> <p>1. «Ұлттық мектеп лигасы» футболдан 7-8 сыныптар(қыздар) арасында өткен аудандық -Іорын, жетекшісі: Айтбеков А.А</p> <p>Футболдан 9-11 сыныптар арасында қыздар 2 орын. Жетекшісі Айтбеков А.А.;</p> <p>Шағын футболдан 9-11 сыныптар қыздар 3 орын. Жетекшісі Айтбеков А.А.</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/Daу3peBSBcubBS4X/">https://www.facebook.com/share/p/Daу3peBSBcubBS4X/</a></p>

<p>Футболдан 5-6 сынып ұлдар 3 орын. Жетекшісі Шегиров Н.Б.</p> <p>Футболдан 9-11 сыныптар ұлдар 2 орын. Жетекшісі Айтбеков А.А.</p> <p>Кіші футболдан 5-6 сыныптар 3 орын. Жетекшісі Шегиров Н.Б.</p> <p>Футболдан 7-8сыныптар ұлдар 2 орын. Жетекшісі Жарылғапов А.</p> <p>2. Волейболдан 9-11сыныптар (ұлдар) -1 орын, жетекшісі:Сейтжапанов С.Б.</p> <p>7-8 сыныптар ұлдар 3 орын. жетекшісі:Сейтжапанов С.Б.</p> <p>3. Тоғызқұмалақтан 9-11 сыныптар -1 орын, жетекшісі: Кульмаганбетов И.Ш.</p> <p>4. Тоғызқұмалақтан 7-8 сыныптар -1 орын, жетекшісі: Кульмаганбетов И.Ш.</p> <p>5. Жеңіл атлетикадан 9-11 сыныптар -1 орын, жетекшісі:Нұртай А.</p> <p>6. Жеңіл атлетикадан 7-8 сыныптар -1 орын, жетекшісі: Темірғали А.О.</p> <p>5-6 сыныптар 2 орын. жетекшісі: Темірғали А.О.</p> <p>7. Шағын футболдан 9-11 сыныптар (ұлдар)-1 орын, жетекшісі: Айтбеков А.А.</p> <p>8. Баскетболдан 9-11 сыныптар (ұлдар)-1 орын, жетекшісі:Жарылғапов А.</p> <p>7-8 сыныптар қыздар 3 орын. Жетекшісі Айтбеков А.А.</p> <p>9-11 сыныптар қыздар 2 орын. Жетекшісі Айтбеков А.А.</p> <p>5-6 сыныптар ұлдар 3 орын. Жетекшісі Шегиров Н.Б.</p> <p>9. Үстел теннисынан 9-11 сыныптар -1 орын, жетекшісі: Ахмедин З. С.</p> <p>10. 5-6 сынып оқушылары арасында «Дене тәрбиесі» пәні бойынша аудандық Олимпиада -1 орын, жетекшісі:Шегиров Н.</p> <p>11. 7-8 сынып оқушылары арасында «Дене тәрбиесі» пәні бойынша аудандық Олимпиада -1 орын, жетекшісі: Муқунбаев Б.О.</p> <p>12. Дойбыдан 5-6 сыныптар 3 орын. Жетекшісі Ахмедин З.С</p> <p>9-11 сыныптар 3 орын. Жетекшісі Ахмедин З.С</p> <p>13. Шахматтан 7-8 сыныптар 2 орын. Жетекшісі: Кульмаганбетов И.Ш.</p>	
